

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің  
Білім саласында сапаны қамтамасыз ету Комитетінің  
Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету  
департаменті**



**«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды  
ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3  
жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесін өзін-өзі бағалау  
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Бағалау кезеңдері: 2021-2022 оқу жылы  
2022-2023 оқу жылы  
2023-2024 оқу жылы  
Ақмола облысы, Шортанды ауданы,  
Шортанды кенті, 50 лет  
Октябрья көшесі 91  
e-mail: [shortandy-3@mail.ru](mailto:shortandy-3@mail.ru)  
тел.: 8 - 716 – 31 – 7-51-78

Шортанды кенті, 2024

## **Өзін-өзі бағалау комиссия құру туралы**

Мектеп қызметінің өзін-өзі бағалау 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына жүргізілді. Өзін-өзі бағалау үшін негіз: «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының 4-1-тармақшасы, Қазақстан Республикасы Білім министрінің № 486 бұйрығы негізінде, 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» Аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде «Өзін-өзі бағалау комиссиясын құру туралы» мектептің 2024 жылғы 21 ақпандағы №6 бұйрығы негізінде төмендегі комиссия құрылды.

[http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/18/180624\\_135833\\_zn-z-attestatau-byryy.pdf](http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/18/180624_135833_zn-z-attestatau-byryy.pdf)

Мектептің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссияның мынадай құрамы бекітілді.

1. Анесий Азамат - мектеп директоры, комиссия төрағасы;
2. Рашатхан Айнагүл-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
3. Ахметжанова Санды Саттыбаевна – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
4. Тохтамурат Ермекбол – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
5. Көрөнбай Гүлжазира- директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
6. Хабылғажы Майра- кітапхана меңгерушісі, комиссия мүшесі;
7. Хамитбекова Айжан Сақеновна- мектеп психологы, комиссия мүшесі;
8. Мурат Замира - әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі;
9. Меирманова Эльмира Карсибековна – логопед, мектептің кәсіподақ ұйымының төрағасы, комиссия мүшесі;

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалаудың мынадай өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымының қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі комиссияның жауапты мүшелеріне жүктелді.

Мектептің өзін-өзі бағалауының мақсаты – білім беру ұйымындағы нәтижелер мен процестер туралы түсінік алу, оқу үдерісіне қатысушылардың қанағаттану дәрежесін және өз қызметін жетілдірудің басым бағыттарын анықтау. «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» РММ 2022 жылғы 27.12 №12 негізінде жүзеге асырылады. 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» Аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде «Өзін-өзі бағалау комиссиясын құру туралы» мектептің 2024 жылғы 21 ақпандағы №6 бұйрығы негізінде мемлекеттік аттестаттауға дайындық жоспары әзірленді.

Өзін-өзі аттестациялау кезеңінде комиссия келесі критерийлер бойынша тексеру жүргізді:

1. Білім беруді ұйымдастырудың жалпы сипаттамасы

2. Кадрлық құрамға талдау
3. Білім алушылар контингентінің құрамы
4. Оқу-әдістемелік жұмыс
5. Оқу және материалдық құндылықтар
6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры
7. Оқушылардың білімін бағалау
8. Білім беру үдерісіне қатысушылар мен басқа респонденттер арасында сауалнама жүргізу
9. Кемшіліктер мен пікірлер, оларды шешу жолдары
10. Қорытындылар мен ұсыныстар.

Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес мемлекеттік білім стандартының жалпы талаптарын талдау кезінде бағалау критерийлері қолданылды. Өзін-өзі бағалау кезінде ашықтық, айқындық, жүйелілік және объективтілік қағидаттарына негізделіп өткізілді. Өзін-өзі бағалау есебін құрастыру кезінде комиссия келесі әдістерді басшылыққа алды: сандық талдау, салыстырмалы талдау, теориялау және синтез. Осы есепте келтірілген ақпаратты растау үшін мектептің жұмыс құжаттамасы қоса беріледі. Мемлекеттік аттестаттау шеңберіндегі өзін-өзі бағалау есебі мектептің педагогикалық кеңесінің отырысында бекітілді.

## **I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы**

### **1.1 Білім беру ұйымының құрылтайшылық және құқық белгілейтін құжаттары:**

1) **Білім беру ұйымының толық атауы** «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2) **білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы)** Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Шортанды кенті 50 лет Октября көшесі 91 үй. индексі 021600;

3) **заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)** 8(71631)3-51-78, Электрондық поштасы: [shortandy-3@mail.ru](mailto:shortandy-3@mail.ru)

сайт <http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/>

Педагогикалық кеңес хаттамалары:

[http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/16/160624\\_183104\\_2021-2022-pedagogikaly-kees-hattamalary.pdf](http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/16/160624_183104_2021-2022-pedagogikaly-kees-hattamalary.pdf)

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/3923-16-06-24-18-39-38-pedagogikaly-keest-hattamalary>

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/pedagogikaly-keest-hattamasy>

4) **заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)** Анесий Азамат, «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры қызметіне тағайындау

туралы аудандық білім бөлімінің 2017 жылы 10 қарашадағы № 182/1 бұйрығының негізінде тағайындалған.

[http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/9/090624\\_222044\\_direktor-taayyndau-turaly-byry.pdf](http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/9/090624_222044_direktor-taayyndau-turaly-byry.pdf)

[http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/9/090624\\_222151\\_ayta-taayyndau-turaly-byry.pdf](http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/9/090624_222151_ayta-taayyndau-turaly-byry.pdf)

**5) құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі).**

[http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/9/090624\\_222813\\_ghary.pdf](http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/9/090624_222813_ghary.pdf)

«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 19.01.2021 жылы тіркеліп, Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы №А-1/2 қаулысымен бекітілген. БСН: 030540003979 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 19 қаңтарда берілген.

[http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/9/090624\\_222002\\_bin-2.pdf](http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/9/090624_222002_bin-2.pdf)

**6) рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)** «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға мемлекеттік лицензия 2021 жылғы 1 ақпанда №KZ01RVK00056632 берілген.

[http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/9/090624\\_222242\\_licenziya.pdf](http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/9/090624_222242_licenziya.pdf)

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама №KZ50RVK00033925.

[http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/19/190624\\_123041\\_kyzmett-ghuzege-asyrudy-bastagany-turaly-habarlama.pdf](http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/19/190624_123041_kyzmett-ghuzege-asyrudy-bastagany-turaly-habarlama.pdf)

**«Ақмола облысы білім басқармасының  
Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі  
Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
ТӨЛҚҰЖАТЫ**



1	Мектептің атауы	«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2	Мекенжайы:	Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Шортанды кенті 50 лет Октября көшесі 91үй.
3	Аудан орталығына дейін қашықтық	Аудан ортасында орналасқан
4	Оқытылу тілі, сабақтың ауысымы	Мемлекеттік тіл (қазақ), 1 ауысым
5	Қай жылы салынған	3 қабатты ғимарат 2009 жыл
7	Мектеп ғимаратының көлемі	12535,8 м <sup>2</sup>
8	Мектеп типі, қанша орын	Титік, 774 орын
9	Асхана	306 орындық
10	Жылыту	Отының түрі-қатты Жылына қажеттілігі-1200000 Тәулігіне шығыны-7 тонна
11	Сумен қамту	орталықтандырылған
12	Канализация	орталықтандырылған
13	Жылына қаржыландыру ақымы	Жаппай білім беру қоры
14	Күрделі жөндеу (қашан, қанша сомаға)	өтпеді
15	Аз қамтылған отбасы	51
16	Мектепке дейінгі балалар саны	29
17	Мектеп директорының тағайындалуы	10.11.2017 жыл №182/1 14.01.2021 жыл №17-ж/қ
18	Оқушылар саны	477

19	Үлгерімі	100%
20	Білім сапасы	55%
21	Негізгі мектепті бітірген түлектер саны	Үздік -3 Оқуға түскендер: 11 Колледж-11 Кәсіптік лицей-0 10-сыныпқа-23
22	11-сынып түлектерінің саны	«Алтын белгі»-1 «Үздік аттестат»-0 Оқуға түскендер:26 Жоғары оқу орны-20 Колледж-6 Грант саны-24
23	Жұлделі орындар саны	Жалпы орын-24 Аудандық олимпиада-22 Облыстық олимпиада-2 Республикалық-0 Халықаралық-0
24	Басқа жетістіктер ғылыми-зерттеу жұмысы	«Зерде», 8-11 ғылыми жоба байқауының жүлдегерлері: Облыстық кезең: 11 Республикалық кезең: 4
25	«Жас Ұлан» әскери – спорттық сайысы	Аудандық-2 Облыстық -1
26	Оқулар мен байқаулар бойынша жұлделі орындар:	«Абай оқуы» -5 «Мұқағали оқуы»-3 «Мағжан оқуы»-2 «Мәшһүр Жүсіп оқуы» «Әбіш Кекілбаев оқуы» «Жарқын болашақ» облыстық- Қ.Бітібаева атындағы пәндік олимпиада «Ақберен» байқауы-3
27	«Үздік педагог» байқауы жұлделі орындар	«Үздік педагог» Аудандық-3 Облыстық-0 «Үздік бастауыш сынып» Аудандық-2 Облыстық-0
28	Педагогикалық идеялар фестивалі	Облыстық-5 Республикалық- сертификат
29	Үйден оқыту	2021-2022 оқу жылында-1; 2022-2023 оқу жылында-3; 2023-2024 оқу жылында-1;
30	Оқу кабинеттері	Қазақ тілі-4 Орыс тілі-2 Ағылшын тілі-4 Тарих-3 Математика-4 Физика-2 Химия-2 Биология-2

		<p>География-1  Информатика-1  Технология-4  Бастауыш сынып-9  Мектепалды даярлық-2  АӘД-1  Музыка-1  Арт студия-1  STEM-1  Телестудия-1  Работехника -1  Спорт зал-1  Интернет желісінің жылдамдығы-100мг</p>
31	Мұғалімдер саны	<p>Жоғары білімді-43  Арнаулы орта-8  Педагог-шебер-0  Педагог-зерттеуші-8  Педагог-сарапшы-11  Педагог-модератор-10  Педагог-12  Санатсыз-11  Магистр-3</p>
32	Марапаттаулары бар	<p>Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасы»-4  Оқу ағарту және ғылым министрлігінің «Алғыс хаты»-3  Облыс әкімінің «Құрмет грамотасы»-5  Облыс әкімінің «Алғыс хаты»-4  Облыстық білім басқармасының «Құрмет грамотасы»-5  Облыстық білім басқармасының «Алғыс хаты»-4  Аудан әкімінің «Құрмет грамотасы»-10  Аудан әкімінің «Алғыс хаты»-8  Аудандық білім бөлімінің «Құрмет грамотасы»-11  Аудандық білім бөлімінің «Алғыс хаты»-13</p>
33	Ыстық тамақпен қамтамасыз ету	293
34	Мектеп директорының орынбасарлары	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары



## II. Кадрлық құрамға талдау

**10. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау**

*1) Тиісті бейіндер бойынша педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өтумен кәсіптік білімі бар оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес педагогтердің болуы.*

**Талдау нәтижесі** осы критерий бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеуде, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған педагогтармен жасақталуы туралы мәліметтер қарастырылды.

Инновациялық бағытта жұмыс жасау үшін мектептің кадрлық әлеуеті де жоғары білімді, білікті, мамандардан тұруы шарт. 2023-2024 оқу жылында мектепте 53 мұғалім жұмыс жасады. Оның екеуі мектепалды даярлық тобында, екеуі қоса атқарушы педагогтар, педагог штаттық қызмет атқарады. 43 педагог жоғары білімді (84%), 6 педагог арнаулы орта (11%). Мектепте жоғары деңгейде білім беруге және оқушылардың жеке дамуына жағдай жасауға қабілетті жоғары білікті педагогикалық ұжым жұмыс істейді. Дипломдық мамандықтың оқытылатын пәнге сәйкестігін талдау келесі нәтижелерді көрсетті: барлығы педагог тиісті бейіні бойынша сабақ береді. Барлық 51 педагогтің соттылығының жоқтығы туралы анықтамалары бар, кадрлар бөлімінің қызметкері жаңартуларды есепке алады. Әр 6 ай сайын сертификаттар, жұмысқа қабылданған кезде бұл құжат әрбір жаңадан келген қызметкерден талап етіледі.

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/malmdr-anytamalary-sottalmaan-turaly>

Мектепте мұғалімдердің функционалдық міндеттері туралы бұйрық шығарылып, ішкі тәртіп ережелері әзірленіп, бекітілді.

[http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/21/210624\\_154611\\_shk-ebek-ereghes.pdf](http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/21/210624_154611_shk-ebek-ereghes.pdf)

Барлық мұғалімдер бұйрықпен таныс. Әкімшілік шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің педагогикалық жұмысын ынталандырады. Мұғалімдер мақтау қағаздарымен, грамоталармен, алғыс хаттармен, бағалы сыйлықтармен марапатталады. Мұғалімдер тарапынан оқу үдерісін ұйымдастыруға қатысты арыздар мен шағымдар түскен жоқ.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығымен бекітілген Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларының негізінде Кеңес құру туралы бұйрық 2023 жылы 31 тамызда шығарылды. Педагогикалық әдеп туралы Кеңес отырысының жоспарына сәйкес тоқсанына 1 рет және өтініштердің түсуіне қарай өткізіледі. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес



білім беру ұйымының басшысына еңбек тәртібін нығайту және педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың алдын алу бойынша ұсыныстар енгізеді.

[http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/21/210624\\_154724\\_pedagogical\\_y-dep-ghnndeg-kees.pdf](http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/21/210624_154724_pedagogical_y-dep-ghnndeg-kees.pdf)

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс тобымен бірлесе отырып, қызметкерлер мен оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру мақсатында ұйымдастыру және үгіт-насихат жұмыстары жүргізіледі.

Педагогикалық қызметкерлерді есепке алу жөніндегі құжаттама істер номенклатурасына сәйкес жүргізіледі. Жұмысқа қабылданған мұғалімдермен еңбек шарты жасалып, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітабында тіркеліп, бұйрық шығарылады. Бұйрық кітапшалары нөмірленіп, тігілген және директордың мөрімен бекітілген. Хатшы педагогтар құрамының жеке істерін есепке алу журналын жүргізеді. Мұғалімдердің жеке істері талапқа сай және мұқият толтырылады.

#### Әр бағыт бойынша мұғалімдер туралы мәлімет

Мұғалімдердің біліктілік көрсеткіштері	бастауыш	Гуманитарлық пәндер мұғалімдері	Жаратылыстану пәндері мұғалімдері	Дене шынықтыру, технология, музыка, АӘД пәндері мұғалімдері	Логопед, психолог, әлеуметтік педагог, тәлімгер, көркемдік жетекші, кәсіптік бағдар беруші, Арт студия мұғалімі	жалпы
Жоғары білімді	6	15	10	7	6	44
Орта арнаулы	4	0	1	0	1	5
Педагог зерттеуші	1	4	3	0	0	8
Педагог-сарапшы	2	4	1	3	1	11
Педагог-модератор	4	4	0	2	1	11
Педагог	3	2	3	1	2	11
Жоғары категория	0	1	0	0	0	1
Санатсыз	0	1	4	1	3	9

#### Қосымша жұмыс жағдайында қоса атқарушы педагогтер және олардың оқу жүктемелері туралы мәліметтер

№	ТАӘ	Беретін пәні, оқу жүктемесі	білімі	Еңбек өтілі	санаты	Санатты беру, растау туралы бұйрық №	Диплом бойынша мамандығы
<b>2021-2022 оқу жылы</b>							
1	Авдхадыр Айбек	Информатика пәнінің мұғалімі	Л.Н.Гумилев атындағы ЕМУ 2001ж.	10	санатсыз		Информатика пәнінің мұғалімі
2	Кусаинов Оразалы	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, 2019ж	4	II модератор	30.12.2019 №68	Дене шынықтыру пәні мұғалімі
3	Рахмет Капин	Физик-химия мұғалімі	Иркутск мемлекеттік университет 1983ж	36	Жоғары, зерттеуші	15.07.2019 №148-ж/қ	Физика пәні мұғалімі
4	Каратаева Раушан	Биолог оқытушы	Е.А.Бөкетов атындағы ҚМУ, 2004ж	5,11	I, сарапшы	22.07.2019 №248ж/к	Биология пәні мұғалімі

2023-2024 оқу жылы							
1	Асаби Ирангуль	Физика және информатика	Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,	18 жыл 3 ай	Педагог-зерттеуші	15.07.2019 №148	Физика пәні мұғалімі
2	Уртнасан Сураган	Кәсіптік оқыту	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау МУ.	6 жыл 8 ай	санатсыз		Технология пәні мұғалімі

[http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/17/170624\\_181753\\_120624110043ebek-tl-boynsha-2021-osa-atarushy-001.jpg](http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/17/170624_181753_120624110043ebek-tl-boynsha-2021-osa-atarushy-001.jpg)

[http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/17/170624\\_181611\\_120624110439ebek-tl-boynsha-hattama-2022osa-atraushy-001.jpg](http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/17/170624_181611_120624110439ebek-tl-boynsha-hattama-2022osa-atraushy-001.jpg)

### Педагог қызметкерлердің жасы бойынша көрсеткіші

20-25 жас	26-30 жас	31-40 жас	41-50 жас	50-60 жас	60- жастан жоғары
7	2	17	19	2	4

Педагогтердің сапалық кестесі бойынша 2021-2022 оқу жылында 45 педагог, оның ішінде жоғары білімді педагог – 39 орта арнаулы білімді педагог – 6;

[http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/24/240624\\_102452\\_sapaly-ramy-2021-2022.pdf](http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/24/240624_102452_sapaly-ramy-2021-2022.pdf)

2022-2023 оқу жылында 45 педагог, жоғары білімді педагог – 41, орта арнаулы білімді педагог – 4;

[http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/24/240624\\_102649\\_sapaly-ramy-2022-2023.pdf](http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/24/240624_102649_sapaly-ramy-2022-2023.pdf)

2023-2024 оқу жылында 49 педагог, жоғары білімді педагог – 43, орта арнаулы білімді педагог – 6;

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/3227-10-05-24-21-14-54-2kadrly-leuett-taldau>

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/kulk>

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/trudovaya-knighka>

[http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/17/170624\\_170622\\_7-osymsha-2023-2204ou-ghyly.pdf](http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/17/170624_170622_7-osymsha-2023-2204ou-ghyly.pdf)

2021-2022 оқу жылында бастауыш сыныпта – 23 педагог, бастауыш білім беру деңгейі – 70%, 2022-2023 оқу жылында бастауыш сыныпта – 24 педагог, бастауыш білім беру деңгейі – 58%, 2023-2024 оқу жылында бастауыш сыныпта – 19 педагог, бастауыш білім беру деңгейі – 58 % білім беруді жүзеге асыруда.

### Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы

№	Оқу жылдары	Жалпы мұғалімдер саны	Біліктілік санаты					Үлесі %
			Жоғары категория	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	
1	2021-2022	22	1	8	6	3	0	45%
2	2022-2023	22	0	7	6	2	0	37%
3	2023-2024	21	0	7	6	2	0	38%

2021-2022 оқу жылы бастауыш сыныптарда 22 мұғалім сабақ берді. Педагог- зерттеуші- 3, педагог-сарапшы – 6 мұғалім. Бастауыш орта білім деңгейі – 45%,

2022-2023 оқу жылы бастауыш сыныптарда сыныптарда 22 мұғалім сабақ берді. Педагог - зерттеуші- 3, педагог-сарапшы-6 мұғалім. Бастауыш орта білім деңгейі – 37%,

2023-2024 оқу жылы бастауыш сыныптарда 21 мұғалім сабақ берді. Педагог- зерттеуші- 2, педагог-сарапшы-6 мұғалім. Бастауыш орта білім деңгейі – 38%.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы туралы мәліметтер біліктілік талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

*Негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі шағын комплектілі мектептер үшін кемінде 25 %; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін емінде 35 %; лицей үшін 40 %-дан кем емес, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30 %-дан кем емес; гимназиялар үшін кемінде 40 %, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %;*

#### Негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы

№	Оқу жылдары	Жалпы мұғалімдер саны	Біліктілік санаты					%
			Жоғары категория	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	
1	2021-2022	25	1	8	9	9	0	76
2	2022-2023	29	1	7	8	9	0	59
3	2023-2024	33	1	6	8	7	0	45

2021-2022 оқу жылы 5-9 сыныптарда 25 мұғалім сабақ берді. Педагог-зерттеуші- 9, педагог-сарапшы-9 мұғалім, жоғары санатты -1. Негізгі орта білім деңгейі – 76%,

2022-2023 оқу жылы 5-9 сыныптарда 29 мұғалім сабақ берді. Педагог-зерттеуші-9, педагог-сарапшы- 8 мұғалім, жоғары санатты -1. Негізгі орта білім деңгейі – 59%,

2023-2024 оқу жылы 5-9 сыныптарда 33 мұғалім сабақ берді. Педагог-зерттеуші- 7 педагог-сарапшы-7 мұғалім. Негізгі орта білім деңгейі – 45%.

Кей педагог қызметкерлердің біліктілік санатының болмауының себебіне тоқталсақ:

Амантай Нурбол-музыка пәні мұғалімі, педагог, еңбек өтілі -33 жыл 6 ай және алғашқы даярлық пәні мұғалімі, еңбек өтілі -18 жыл, 4 ай, кешенді тестілеуден өтпеді.

Авил Төлепберген- кәсіптік бағдар беруші, мамандығының ауыстырғанына байланысты біліктілік санатынан өтпеді.

Ахметжанова Санды Саттыбаевна -математика пәні мұғалімі, педагог, еңбек өтілі 38 жыл, зейнеткерлік жасына таяғандықтан, біліктілік санатынан өтпеді.

Бәделхан Алмагүл-тарих пәні мұғалімі, педагог, еңбек өтілі -14жыл, кешенді тестілеуден өтпеді.

Кабиева Жумакуль Досановна -физика пәні мұғалімі, зейнеткер, 2023-2024 оқу жылында уақытша (негізгі қызметкердің декреттік демалысқа

шығуына байланысты) уақытша жұмысқа алынғандықтан, біліктілік санатына тапсырмады.

Даулетбай Еркегүл-тәлімгер, осы қызметте жұмыс жасағанына 9 ай болғандықтан, біліктілік санатқа тапсырмады.

Жуманова Даметкен Абдушевна- орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, еңбек өтілі-40 жыл, зейнеткерлікке шыққан мұғалім, уақытша жұмыс істеп отырғандықтан, біліктілік санатына тапсырмады.

Зайтхан Айсұлу- биология пәні мұғалімі, еңбек өтілі-13 жыл, денсаулығына байланысты (декреттік демалыста болды) біліктілік санатына тапсырмады, 2022-2023 оқу жылында «педагог» санаты берілді.

Мунарбай Партия-жас маман, информатика пәні мұғалімі, 2023-2024 оқу жылында уақытша (негізгі қызметкердің декреттік демалысқа шығуына байланысты) жұмысқа алынған біліктілік санаты болмады.

Туменова Дина Аскатовна -жас маман, география пәні мұғалімі, 2023-2024 оқу жылында уақытша (негізгі қызметкердің декреттік демалысқа шығуына байланысты) жұмысқа алынған және жоғары оқу орнын 2023 жылы аяқтаған.

Тұрғанбекова Айжан Досжанқызы- жас маман, информатика пәні мұғалімі, 2023-2024 оқу жылында уақытша (негізгі қызметкердің декреттік демалысқа шығуына байланысты) жұмысқа алынған, еңбек өтілі- 9 ай.

Сыдық Жұлдыз- жас маман, Арт студия мұғалімі, еңбек өтілі- 6 ай.

Хайрам Таңсауле- жас маман, көркемдік жетекші жоғары оқу орнын 2023 жылы аяқтаған.

Хапар Күннұр- бастауыш сынып мұғалімі, еңбек өтілі- 10 жыл, денсаулығына байланысты (декреттік демалыста болды) біліктілік санатына тапсырмады, 2022-2023 оқу жылында «педагог» санаты берілді.

Райхан Сулушаш-бастауыш сынып мұғалімі, еңбек өтілі- 10 жыл, денсаулығына байланысты (декреттік демалыста болды) біліктілік санатына тапсырмады, 2022-2023 оқу жылында «педагог» санаты берілді.

Бердимурат Ақмаржан-жас маман, бастауыш сынып мұғалімі, еңбек өтілі- 4 жыл, денсаулығына байланысты (декреттік демалыста болды) біліктілік санатына тапсырмады, 2022-2023 оқу жылында «педагог» санаты берілді.

Наурызбек Куннур Наурызбекова- жас маман, химия пәні мұғалімі, еңбек өтілі-6 жыл, күндізгі форматта магистратура оқыды, 2022-2023 оқу жылында «педагог» санаты берілді.

Аманжол Ақбота- жас маман, ағылшын тілі пәні мұғалімі, 2022-2023 оқу жылында «педагог» санаты берілді.

Хамитбекова Айжан Сакеновна -жас маман, психолог, 2022-2023 оқу жылында «педагог» санаты берілді.

*4) Жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-саратшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі шағын комплектілі мектептер үшін кемінде 25 %; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін кемінде 35 %; лицей үшін 40 %-дан кем емес, оның*

ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30 %-дан кем емес; гимназиялар үшін кемінде 40 %, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %;

**Талдау нәтижесі:** осы критерий бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеуде жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы қарастырылды.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы

Оқу жылдары	Жалпы мұғалімдер саны	Біліктілік санаты					Үлесі%
		Жоғары категория	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	
2021-2022	24	1	5	7	7	0	62
2022-2023	21	0	5	6	6	0	57
2023-2024	23	1	3	6	5	0	48

2021-2022 оқу жылы 10-11 сыныптарда 24 мұғалім сабақ берді. Педагог-зерттеуші- 7, педагог-сарапшы-7, жоғары санатты -1. Жалпы орта білім деңгейі – 62%.

Сапалық құрам

2022-2023 оқу жылы 10-11 сыныптарда 21 мұғалім сабақ берді. Педагог-зерттеуші- 6, педагог-сарапшы-6. Жалпы орта білім деңгейі – 57%.

Сапалық құрам

2023-2024 оқу жылы 10-11 сыныптарда 23 мұғалім сабақ берді. Педагог-зерттеуші- 5, педагог-сарапшы-6, жоғары санатты -1. Жалпы орта білім деңгейі – 48%.

[http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/17/170624\\_170622\\_7-osymsha-2023-2204ou-ghyly.pdf](http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/17/170624_170622_7-osymsha-2023-2204ou-ghyly.pdf)

Мұғалімдердің конференция мен форум, семинарға қатысу шебер сынып өткізу үлесі

Деңгейі	2021-2022		2022-2023		2023-2024	
Халықаралық	2	04%	5	11%	5	10%
Республикалық	4	08%	4	08%	7	14%
Облыстық (семинар)	6	10%	12	26%	8	16%
Облыстық (Шебер сынып )	2	04%	5	10%	2	04%
Аудандық	8	17%	16	38%	3	05%

Конференция, форум, семинарға қатысқан мұғалімнің аты - жөні	Қатысқан жылы	деңгейі	Конференция, форум, семинардың атауы, атқарылған іс әрекеті
Батыргалиева Гулим Тоқатовна-ағылшын тілі пәні мұғалімі	2021	халықаралық	IV Hagia Sophia International research conference, Стамбул, Турция “The potential of discourse analysis in developing language aillies of young learners” тақырыбында баяндама жасады, конференция модераторы болды.
	2022	халықаралық	Белфаст, Ұлыбританияда өтетін конференцияға қатысып «Мұғалімдерге өзінің қызметі және курс материалдарын байланыстыра отырып, рефлексивті есеп жазуды үйрету» тақырыбында баяндама жасады.

	2023	халықаралық	Қазақстан Республикасы Ағылшын тілі мұғалімдерінің Ассоциациясының ұйымдастырылуымен өткен республикалық «Transfunctional teachers – smart students» («Трансфункционалды мұғалім - білімді студент») ХІХ халықаралық KazTEA конференциясына қатысып, “Taking self-responsibility for professional development” тақырыбында Батыргалиева Гүлим Токатовна шеберлік сынып өткізді.
Анесий Азамат-мектеп директоры, тарих пәні мұғалімі	2023	Республикалық	«Білімді ұрпақ-білімді ел» конференция
	2023	Республикалық	Педагогтің үздіксіз кәсіби дамуы» панельдік секциясына қатысты.
Тохтамурад Ермекбол бастауыш сынып мұғалімі.	2023	Республикалық	«Педагогтің үздіксіз кәсіби дамуы» панельдік секциясына қатысты.
	2023	Халықаралық	«Қазақстан ұлттық Лессон стади»
Абылкайрова Баян Сунгатовна	2022	Облыстық	«Ағылшын тілін оқытудағы заманауи тілдік білім беру дәстүрлері мен инновациялары» атты форумына қатысты.
Өнерхан Айнұр-география пәні мұғалімі	2023	Облыстық	«TIMMS тапсырмалырын география сабағында қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбында баяндама жасады.
Аманжол Ақбота-ағылшын тілі пәні мұғалімі	2022	Халықаралық	British Councilдің ұйымдастыруымен өткізген конференцияға қатысты.
		Республикалық	Халықаралық: Назарбаев Университетінің ұйымдастыруымен «COVID-19 және білімге тең қол жетімділік» зерттеу жобасына қатысқаны үшін
Сахбас Бекболат-	2022	Облыстық	«Сабақты зерттеу қазақстандық мектептердің тәжірибесі»
Тохтамурад Ермекбол	2021	Республикалық	"Бастауыш мектеп - білім мен ғылымның бастауы" атты бастауыш сынып мұғалімдерінің республикалық съезіне қатысты.
	2022	Облыстық	"Бастауыш мектеп-білім негізі" атты бастауыш сынып мұғалімдерінің облыстық форумында "Ұлттық құндылықтарға негізделген білім – тәрбиенің тұғыры" атты шеберлік сағатын өткізді.
Асауы Жарқынгүл	2021	Республикалық	«Мектептегі математикалық білім беру: жағдайы, проблемалары , ұсыныстары» атты республикалық съезіне қатысты.
	2022	Облыстық	«Мектептегі математикалық білім беру: жағдайы, проблемалары , ұсыныстары» атты І облыстық форумда «Оқушылардың математикалық білімінің мазмұны – мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін жетілдірудің басты бағдары» тақырыбында шебер сынып өткізді.
Өнерхан Айнұр	2021	Республикалық	«Географиялық білім берудегі озық ой және заманауи көзқарас » тақырыбында Түркістан қаласында география пәні мұғалімдерінің республикалық съезіне қатысты.
Анесий Азамат	2021	облыстық	«Жетекші мектеп: тәжірибе, болашақ жоспар» атты семинарға қатысып, баяндама жасады.
Рашатхан Айнагүл	2021	облыстық	"Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа көзқарас "атты І облыстық форумында "Қазақ тілі пәнінен жазбаша жұмыстар арқылы оқушының жазылым дағдысын дамыту" тақырыбында баяндама жасады.
Бейсембаева Марина Сергеевна	2023	облыстық	«Сабақты зерттеу: қазақстандық мектептердің тәжірибесі» тақырыбында өткен конференцияға қатысты.

Бейілхан Жанаргүл	2023	облыстық	«Сабақты зерттеу: қазақстандық мектептердің тәжірибесі» тақырыбында өткен конференцияға қатысты.
Қасен Нұрғайша	2023	облыстық	«Сабақты зерттеу: қазақстандық мектептердің тәжірибесі» тақырыбында өткен конференцияға қатысты.
Орныханқызы Камар	2023	облыстық	«Сабақты зерттеу: қазақстандық мектептердің тәжірибесі» тақырыбында өткен конференцияға қатысты.
Абылкайрова Баян Сунгатовна	2023	облыстық	«Сабақты зерттеу: қазақстандық мектептердің тәжірибесі» тақырыбында өткен конференцияға қатысты.
Зайтхан Нұрғали	2023	облыстық	«Сабақты зерттеу: қазақстандық мектептердің тәжірибесі» тақырыбында өткен конференцияға қатысты.
Аяйт Цэрма	2023	облыстық	«Сабақты зерттеу: қазақстандық мектептердің тәжірибесі» тақырыбында өткен конференцияға қатысты.
Рашатхан Айнагүл	2023	Халықаралық	«Ауыл мектебінің өркендеуі- қоғам игілігінің кепілі» халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция
Батыргалиева Гүлим Тоқатовна	2023	Халықаралық	«Ауыл мектебінің өркендеуі- қоғам игілігінің кепілі» халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция
Тохтамурат Ермекбол	2023	Халықаралық	«Ауыл мектебінің өркендеуі- қоғам игілігінің кепілі» халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция
Анесий Азамат	2023	Халықаралық	«Ауыл мектебінің өркендеуі- қоғам игілігінің кепілі» халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция
Рашатхан Айнагүл	2023	Халықаралық	«Білім берудегі көшбасшы бағдары» интенсиві
Аманжол Ақбота	2023	Республикалық	«Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін ауыл мектебі педагогтерінің «Жас ұстаз: табысқа апарар жол» II республикалық форум»
Наурызбек Куннур	2023	Республикалық	«Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін ауыл мектебі педагогтерінің «Жас ұстаз: табысқа апарар жол» II республикалық форум»
Батыргалиева Гүлим Тоқатовна	2024	Халықаралық	15th International Forum of Educational Administration (IFEA-15) Халықаралық Білім берудегі әкімшілік форумына қатысты. Форумға «Genre features of Aitys art/Айтыс өнерінің жанрлық ерекшеліктері» тақырыбында баяндама оқыды.
Аманжол Ақбота	2024	Республикалық	Республикалық ағылшын тілі мұғалімдерінің KAZTEA" конференциясына қатысып, зерттеу жобаларын қорғап, сертификатқа ие болды.
Батыргалиева Гүлим Тоқатовна	2024	Республикалық	Республикалық ағылшын тілі мұғалімдерінің KAZTEA" конференциясына қатысып, зерттеу жобаларын қорғап, сертификатқа ие болды.
Абылкайрова Баян Сунгатовна	2024	Республикалық	Республикалық ағылшын тілі мұғалімдерінің KAZTEA" конференциясына қатысып, зерттеу жобаларын қорғап, сертификатқа ие болды.
Аяйт Цэрма	2024	Облыстық	"Сабақты зерттеу: Қазақстандық мектептердің тәжірибесі" атты облыстық конференцияда "Постерлер" байқауына қатысты және тәжірибе алмасқаны үшін сертификатпен марапатталды.
Аманжол Манаргүл	2024	Облыстық	"Сабақты зерттеу: Қазақстандық мектептердің тәжірибесі" атты облыстық конференцияда "Постерлер" байқауына қатысты және тәжірибе алмасқаны үшін сертификатпен марапатталды.
Наурызбек Куннур	2024	Облыстық	"Сабақты зерттеу: Қазақстандық мектептердің тәжірибесі" атты облыстық конференцияда



			"Постерлер" байқауына қатысты және тәжірибе алмасқаны үшін сертификатпен марапатталды.
Туменова Дина Аскаатовна	2024	Облыстық	"Сабақты зерттеу: Қазақстандық мектептердің тәжірибесі" атты облыстық конференцияда "Постерлер" байқауына қатысты және тәжірибе алмасқаны үшін сертификатпен марапатталды.
Хапар Күннұр	2024	Облыстық	"Сабақты зерттеу: Қазақстандық мектептердің тәжірибесі" атты облыстық конференцияда "Постерлер" байқауына қатысты және тәжірибе алмасқаны үшін сертификатпен марапатталды.

### III. Білім алушылар контингенті

11) № 570 бұйрықпен бекітілген білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті дерекқорлары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы және нақты деректердің ҰБД-на сәйкестігі;

**Талдау нәтижесі:** осы критерий бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерттеуде, білім беру ұйымының контингент туралы өзекті деректер базасы, ақпараттық жүйесінің болуы және нақты деректердің ҰБД-мен сәйкестігі зерделенді. Білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі талаптарға сай жүзеге асырылған. Ұсынылған ақпараттар ҰБД базасымен сәйкес келеді.

Оқу жылы	Сынып жиынтығы	Жалпы оқушылар саны	1-4 сынып		5-9 сынып		10-11 сынып	
			жиынтық	Оқушылар саны	жиынтық	Оқушылар саны	жиынтық	Оқушылар саны
2021-2022	23	447	9	177	11	217	3	53
2022-2023	24	450	10	198	11	201	3	51
2023-2024	24	447	9	187	12	214	3	46

### Сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер

сыныптар	2021-2022	2022-2023	2023-2024
1 «А»	21	22	23
1 «Ә»	20	20	23
1 «Б»	0	20	
<b>1-сыныптар</b>	<b>41</b>	<b>62</b>	46
2 «А»	22	20	22
2 «Ә»	19	19	23
2 «Б»			16
<b>2-сыныптар</b>	<b>41</b>	<b>39</b>	61
3 «А»	18	21	20
3 «Ә»	18	20	18
3 «Б»	17	0	
<b>3-сыныптар</b>	<b>53</b>	<b>41</b>	38
4 «А»	22	20	21
4 «Ә»	20	17	21
4 «Б»		19	
<b>4-сыныптар</b>	<b>42</b>	<b>56</b>	<b>42</b>
5 «А»	22	21	20
5 «Ә»	20	19	18
5 «Б»			18
<b>5-сыныптар</b>	<b>42</b>	<b>40</b>	<b>56</b>
6 «А»	18	20	21

6 «Ә»	17	<b>18</b>	18
6 «Б»	19	<b>0</b>	
<b>6-сыныптар</b>	54	38	<b>39</b>
7 «А»	23	<b>17</b>	19
7 «Ә»	22	<b>17</b>	18
7 «Б»	0	<b>17</b>	
<b>7-сыныптар</b>	<b>45</b>	<b>51</b>	<b>37</b>
8 «А»	18	20	15
8 «Ә»	18	18	13
8 «Б»			16
<b>8-сыныптар</b>	<b>36</b>	<b>38</b>	<b>44</b>
9 «А»	21	17	21
9 «Б»	19	17	17
<b>9-сыныптар</b>	<b>40</b>	<b>34</b>	<b>38</b>
10 «А»	18	24	15
10 «Б»	12	0	9
<b>10-сыныптар</b>	<b>30</b>	<b>24</b>	<b>24</b>
<b>11 «А»</b>	23	15	<b>22</b>
<b>11 «Б»</b>		12	
<b>11-сыныптар</b>	23	<b>27</b>	<b>22</b>
<b>Жалпы</b>	<b>447</b>	<b>450</b>	<b>447</b>

Қазіргі уақытта оқушылар саны 447 оқушыны құрайды. Мектепте оқыту тілі -қазақ тілі. Қазіргі таңда мектепте 24 жиынтық сынып бар. Мектебімізде соңғы үш жылдағы ең жоғарғы сынып саны 23 оқушы, ең төменгі сынып саны 10 «Б» (қоғамдық -гуманитарлық бағыт бойынша) 9 оқушы.

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/blm-alushylar-kontingent>

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/blm-alushylar-kontingent>

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/5139-27-05-24-10-48-06-blm-alushylar-kontingent>

### III. Оқу -әдістемелік жұмыс:

**2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары**

**2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар: білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі;**

*Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспары, бағаланатын кезеңге арналған сабақ кестесі.*

**Талдау нәтижесі:** осы өлшем бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған оқу жұмыс жоспарлары, сабақ кестелері зерделенді.

2021-2022 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің басшысы Ш.Х.Ахметовамен келісіліп, «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің директоры А.Анесиймен бекітілген.

2021-2022 оқу жылында барлығы 23 сынып-комплекті бар. Оның ішінде 1-4 сыныптар – 9 комплект; 5-9 сыныптар – 11 комплект; 10-11 сыныптар -3 комплект.

1-4 сыныптарда білім беру процесінде: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 1-қосымшасы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспарларының 1-қосымшасы;

5-9 сыныптарда білім беру процесінде: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 6-қосымшасы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспарларының 6-қосымшасы;

10-11 сыныптарда білім беру процесінде: 10 «Б» сыныбына арналған (қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша) (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 99-қосымшасы; 10 «А» сыныбына арналған (жаратылыстану -математикалық бағыт бойынша) (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 100-қосымшасы; 11-сыныбына арналған (жаратылыстану -математикалық бағыт бойынша) (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығына 100-қосымшасы негізінде оқу жұмыс жоспары жасалды.

[http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/5/050624\\_151932\\_2021-2022-ou-ghyly-boyynsha-1-11-synyp-oghgh.pdf](http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/5/050624_151932_2021-2022-ou-ghyly-boyynsha-1-11-synyp-oghgh.pdf)

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/5415-10-06-24-23-35-01-saba-kestes>

2022-2023 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары Шортанды ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы Ш.Х.Ахметовамен келісіліп, «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директоры А.Анесиймен бекітілген.

Аталған оқу жылында барлығы – 24 сынып жинақталған, оның ішінде 1-4 сыныптар – 10 сынып-кешен, 5-9 сыныптар – 11 сынып-кешен, 10-11 сыныптар -3 сынып-кешен.

1-4 сыныптарда білім беру процесінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларының 1-қосымшасы; Оқу үрдісі бастауыш сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 1-қосымшасы,

5-9 сыныптарда білім беру процесінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларының 6-қосымшасы; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының негізгі орта сыныптарда 6 -қосымшасы;

10-11 сыныптарда білім беру процесінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларының 86-қосымшасы; 10, 11«А» сыныптарда (жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша) 86-қосымшасы, 11«Б» сыныбында (қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша ) 85- қосымшасы негізінде оқытылды.

[http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/5/050624\\_122139\\_2022-2023ou-ghyly-1-11synyp-oghgh.pdf](http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/5/050624_122139_2022-2023ou-ghyly-1-11synyp-oghgh.pdf)

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/3397-10-06-24-23-34-07-saba-kestes>

2023-2024 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары Шортанды ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы Ш.Х.Ахметовамен келісіліп, «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директоры А.Анесиймен бекітілген.

Аталған оқу жылында барлығы – 24 сынып жинақталған, оның ішінде 1-4 сыныптар – 9 сынып-кешен, 5-9 сыныптар – 12 сынып-кешен, 10-11 сыныптар -3 сынып-кешен.

1-4 сыныптарда білім беру процесінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығына 1-қосымшасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 1-қосымшасы;

5-9-сыныптарда білім беру процесінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 6-қосымшасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-қосымшасы;

10 «А», 11 сыныптарда білім беру процесінде (жаратылыстану-математикалық бағыт) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығына 39-қосымшасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымшасы;

10 «Б» сыныбында білім беру процесінде (Қоғамдық-гуманитарлық бағыт) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығына 85-қосымшасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 38-қосымшасын басшылыққа алынып жасалды.

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/saba-kestes>

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (2- қосымшасы) «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3- қосымшасы) «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (40 қосымшасына) сәйкес келеді.

**3.Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру**

*Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: бағаланатын кезеңге арналған тәрбие жұмысының әзірленген және бекітілген жоспары.*

**Талдау нәтижесі:** 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысын жүзеге асыру бойынша іс шараларының жоспары зерделеніп, қарастырылды.

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/trbie-ghmysy>

